



Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2026 жылғы 23 шілдедегі № 143. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 24 шілдеде № 39395 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Экология және табиғи ресурстар министрі

Е. Нысанбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының Стратегиялық

жоспарлау және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Жасанды интеллект
және цифрлық даму министрлігі

Қазақстан Республикасының
Экология және
табиғи ресурстар министрі
2026 жылғы 23 шілдедегі
№ 143 бұйрығына
қосымша

**Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің
өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. "Шығарындылардың стационарлық көздерін түгендеуді жүзеге асыру, деректерді түзету, түгендеу және түзету нәтижесінде алынған деректерді құжаттау және сақтау қағидаларын (жергілікті атқарушы органдар үшін) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 19 шілдедегі №262 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №23640 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Кодекстің 205-бабының 1-тармағына сәйкес астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары халқы он мың адамнан асатын елді мекендерде атмосфералық ауа ластануының жиынтық есеп-қисаптарын жүргізуді және олардың негізінде елді мекеннің шекті жол берілетін шығарындыларының жиынтық томын жасауды қамтамасыз етеді.";

2. "Қоршаған ортаға әсер ету туралы қабылданған декларациялар бойынша жиынтық деректер нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 1 шілдедегі №227 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №23673 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қоршаған ортаға әсер ету туралы қабылданған декларациялар бойынша жиынтық деректер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан мынадай редакцияда жазылсын:

""Қоршаған ортаға әсер ету туралы қабылданған декларациялар бойынша жиынтық деректер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелеріне ұсынылады

Әкімшілік деректер нысаны www.ecogeo.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Индекс: 1-ГТҚ

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Есептік кезең: 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары

Ұсыну мерзімі: тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күніне (қоса алғанда) дейін

Есепті кезеңде қоршаған ортаға әсер ету туралы берілген декларациялардың саны -

						Негізгі қызмет түрі (") Экономикал ық қызмет	Қоршаған ортаға кері әсер ететін
			Заңды тұлғаның				

№ р/с	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі	Ж е к е сәйкестендіру нөмірі	немесе жеке кәсіпкердің атауы, тіркелген мекенжайы	Декларацияны беру негізі	Объектінің орналасқан жері	түрлерінің жалпы жіктеуіші" ҚР ҰК 03-2019 Ұлттық жіктеуішке сәйкес)	қызмет түрінің III санатына объектіні беру критерийі
1	2	3	4	5	6	7	8

Кестенің жалғасы

Атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындылары			Қалдықтар			
Ластаушы заттың атауы	Зат коды	Декларацияланатын көлем, жыл/т	Қалдықтың атауы	Пайда болуы, жыл/т	Жинақтау, жыл/т	Тапсыру, жыл/т
9	10	11	12	13	14	15
Қалқымалы заттар	091					
Азот тотығы (NO2)	004					
Күкіртті ангидрид (SO2)	001					
...	..					
Барлығы			Барлығы			

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (егер бар болса) қолы, телефоны

Астананың, облыстың және республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға

тегі, аты және әкесінің аты (егер бар болса) қолы, телефоны

Күні 20__ жылғы "____" _____

Қоршаған ортаға әсер ету туралы қабылданған декларациялар бойынша жиынтық деректер нысанына қосымшада 2 және 3 тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Нысанды астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының тиісті басқармалары толтырады және Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелеріне ұсынылады.

3. Нысанға астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарының басшысы немесе оның міндетін атқарушы адам қол қояды.";

3. "Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 9 тамыздағы № 317 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23918 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыратын органдар:

Мемлекеттік экологиялық сараптама қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган осы Қағидалардың 3-тармағының 3) - 8) тармақшаларында көрсетілген объектілерге қатысты ұйымдастырады және жүргізеді.

Басқа жағдайларда мемлекеттік экологиялық сараптаманы Кодекстің 88-бабының 2-тармағына сәйкес астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары ұйымдастырады және жүргізеді.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысына қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының, тиісті аумақтағы уәкілетті органның оның аумақтық бөлімшелерінің немесе өз құзыреті шегінде астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарының сараптама бөлімшелерінің басшылары қол қояды.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу қағидаларына 5-қосымшада:

реттік нөмірі 8-жолдың 5) және 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

		... 5) Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелердің жобалары, олардың функционалдық аймақтарға бөлінуін және инфрақұрылымды дамытудың бас жоспарларын қоса алғанда, келесі құрамда жобалары болған жағдайда: Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 1 қыркүйектегі №558 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6518 болып тіркелген) ерекше
--	--	--

Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі

қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерінің жобаларын әзірлеу, сондай-ақ техникалық-экономикалық негіздемені түзету қағидаларында айқындалған тәртіппен дайындалған, электрондық құжат нысанындағы

жаратылыстану-ғылыми негіздемелердің не техникалық-экономикалық негіздемелердің жобалары. жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың келісімінің электрондық көшірме; астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының келісімі бар ілеспе хаттың электрондық көшірмесі; облыстың (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органының келісімі бар хаттың электрондық көшірмесі;

аумақтық органның ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органының - жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органның келісімі бар хаттың электрондық көшірмесі;

б) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерін (заңды тұлға мәртебесі жоқ ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қоспағанда) босалқы жерге ауыстыру жөніндегі техникалық-экономикалық негіздемелердің жобалары жағдайында келесі құрамда: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 ақпандағы №172 қаулысымен бекітілген Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерін босалқы жерге ауыстыру және босалқы жерді қайтадан ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жеріне

	ауыстыру қағидаларының (бұдан әрі – ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерін босалқы жерге ауыстыру қағидалары) 9-тармағында айқындалған тәртіппен мүдделі орган дайындаған және бекіткен материалдарды қамтитын техникалық-экономикалық негіздемелердің электрондық құжат нысанындағы жобалары; қоғамдық тыңдауларды өткізу хаттамасының электрондық көшірмесі; аумақтық органның ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органының - жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органның келісімі бар хаттың электрондық көшірмесі; астананың, облыстың және республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының келісімі бар хаттың электрондық көшірмесі; ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерін босалқы жерге ауыстырудың 5-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен комиссияның оң қорытындысының электрондық көшірмесі; қатты пайдалы қазбаларды (кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда) өндіру үшін жер ауыстырылған жағдайда "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабына сәйкес қатты пайдалы қазбалардың ресурстары мен қорларын бағалау туралы есептің қосымша электрондық көшірмесі;
--	--

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу қағидаларына 6-қосымшада:

реттік нөмірі 5-жол мынадай редакцияда жазылсын:

	Астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары жүзеге асыратын мемлекеттік экологиялық
--	--

5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	сараптаманың қорытындысы не осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің нысаны - электрондық.
---	---------------------------------------	---

4. "Экологиялық рұқсаттар беру, қоршаған ортаға әсер ету туралы декларацияны ұсыну қағидаларын, әсер етуге экологиялық рұқсат бланкілерінің нысанын және оларды толтыру тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 9 тамыздағы № 319 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23928 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

6-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) аумағында объект орналасқан немесе орналасатын астананың, облыстың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органына жібереді.

Егер объект астананың, екі немесе одан да көп облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың аумақтары шегінде орналасқан немесе орналасатын болса, қоса берілген құжаттары бар өтініш әрбір тиісті жергілікті атқарушы органға жіберілуге жатады;"

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Объект жататын тиісті салада реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган және аумағында объект орналасқан немесе орналасатын астананың, облыстың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органы КЭР үшін ұсынылған экологиялық жағдайларға және өтініш пен оның қосымшаларының бөліктеріне қатысты өз қорытындылары мен ескертулерін ұсынады.";

49-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"49. "II санаттағы объектілер үшін әсер етуге экологиялық рұқсатты беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

"II санаттағы объектілер үшін әсер етуге арналған экологиялық рұқсатты беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге "цифрлық үкіметтің" веб – порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш (бұдан әрі – өтініш) беру арқылы жүгінеді.

"II санаттағы объектілерге әсер етуге арналған экологиялық рұқсат беру" мемлекеттік қызметті көрсету үшін мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі

талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе 3) осы Қағидалардың 11-қосымшасында көрсетілген.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі қызметті алушы жүгінген кезде Тізбе 3-тің 8 тармағында анықталған.";

92-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"92. Жекелеген стационарлық көздері әртүрлі облыстардың (астананың, республикалық маңызы бар қалалардың) аумақтарында орналасқан II санаттағы объектіге қатысты экологиялық рұқсат алуға өтініш облыстардың (астананың, республикалық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының кез келгеніне беріледі.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Экологиялық рұқсаттар беру, қоршаған ортаға әсер ету туралы декларацияны ұсыну қағидаларына, сондай-ақ әсер етуге арналған экологиялық рұқсат бланкілерінің нысанын және оларды толтыру тәртібіне 11-қосымшада:

реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы "II санаттағы объектілерге әсер етуге арналған экологиялық рұқсатты беру"		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының тиісті басқармалары.